



# Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№16 (10 322)

1 мамыр

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қасым - Жомарт Тоқаев экобелсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды.

Бұдан кейін Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайында баяндады.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысына шаһарды абаттандыру, қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру, сондай-ақ, қолайлы және қауіпсіз қала қалыптастыру бағытында қолға алынған шаралар жөнінде мәлімет берді. Оның айтуынша, биыл елордада 173 орынды (қоғамдық кеңістіктер мен аулалар) жаңғырту, 1,1 миллион түп жасыл желек, атап айтқанда, көшеттер, бұталар, гүлдер мен ағаштар егу жоспарланып отыр. Негізгі жобалардың бірі – тұрғындар көп келетін «Самал» саябағы. Аталған аумақ отбасылық демалысқа, спортпен шұғылдануға және мәдени іс-шараларға ыңғайлы кеңістік ретінде жобалануда. Саябақта мұз айдыны, серуендеу бағдарлары, жаяу жүргінші көпірі, тоған, балаларға арналған ойын алаңы мен демалысқа ыңғайлы кеңістік қарастырылған.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Таза Қазақстан» акциясы басталған екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық тал егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның ішінде 780 мың волонтер қатысады. Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллионнан аса гектарға 1 648,4 миллион түп көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілді. Алдағы уақытта 1 760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылады.

Іс-шараға Ақсу-Жабағылы табиғи қорығынан Түркістан облысы әкімі Нұралхан Көшеров пен эковолонтер Аида Мақанбай, Жайық жағасынан Батыс Қазақстан облысы әкімі Нариман Төреғалиев пен эковолонтер Нұрсұлтан Сәрсенбаев, Шығыс Қазақстан облысынан аймақ әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Үлбі металлургия зауытының басқарма төрағасы Сергей Бежецкий, Баянауылдан Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов пен «Жасыл ел» Павлодар облысы штабының жетекшісі Русана Сулаймонова бейнебайланыс арқылы қосылып, жалпыұлттық экологиялық акция аясында өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Акция барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, екі жыл бұрын айтылғаны мол, мен-мазмұны тағылықша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталғанын айтты.

Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза» сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза» адам деп сипаттаған. Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау қастерлі міндет деп санаған. «Обал бо-



лады» деп, жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп, Жер-Анаға жанашыр жүрекпен қарауға тәрбиелеген. Міне, бүгін де тазалық ұғымы ұлтымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы – соның айқын көрінісі. Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы. Ақ пейілмен, түзу ниетпен қолға алған әрбір іс берекелі болады. «Таза Қазақстан» – дәл осындай бірегей бастама. Бұл жоба миллиондаған отаншыл азаматымыздың адал еңбегінің арқасында жалпыхалықтық қозғалысқа айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы акцияға атсалысқан отандастарымызға, әсіресе, жастарға ризашылығын білдірді.

«Таза Қазақстанның» негізгі қозғаушы күші және арқауы жастар десек, артық болмайды. Ұл-қыздарымыз ортақ іске белсене атсалысып, жауапкершіліктің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Бүгінгі маңызды іс-шараға жасампаз әрі жаңашыл жастар қатысып отыр. Еліміздің жарқын болашағы – сіздер сияқты рухы мықты, отаншыл, ерек-жігері күшті азаматтардың қолында. Түптеп келгенде, біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Барымыз да, басты байлығымыз да – қастерлі Отанымыз Қазақстан. Сондықтан қасиетті жеріміздің, киелі еліміздің Озық, Қауіпсіз, Күшті әрі Таза болғаны тек бізге ғана керек. Осыны дұрыс түсінген абзал. Бұл жобаның түпкі мәні – табиғатты аялау, тазалық пен тәртіпті дәріптеу, саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы ұлт қалыптастыру, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта елімізде ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын жеткізді. Былтыр республика бойынша 1200-ге жуық экологиялық іс-шара өтті, 1 миллион гектардан астам аумақ тағартылды, шамамен 4 миллионға жуық тал егілді.

– Игі бастамаға 800 мыңға жуық

волонтер қатысты. Қазір әлемде қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруіне байланысты көптеген сын-қатер пайда болды. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Халықаралық қауымдастық табиғатты қорғау мәселесіне баса мән беріп отыр. Қазақстан да осы бағытта нақты бастамалар көтеріп келеді. Кеше Астанада Біріккен Ұлттар ұйымының аясында ұйымдастырылған Өңірлік экологиялық саммит аяқталды. Осы ауқымды форум шеңберінде эковолонтерлікке, ресурстарды үнемдеу мәселелеріне арналған маңызды іс-шаралар өтті. Бұған дейін де айтқанымадай, әлемде ешқандай ел экология мәселесін жалғыз өзі шеше алмайды. Бұл аса күрделі, жауапты жұмыс, сондықтан осы бағытта дипломатиялық күш-жігерді, ғылымды, бизнесті, қоғамды, волонтерлерді, бір сөзбен айтқанда, мақсаткер жастарды жұмылдыру қажет. Өйткені патриот жастар әрдайым өзгерістердің көш басында жүреді. Сіздердің тарихи миссияларыңыз – елімізді жоғары технологиялар мен өнер, ғылым және гуманистік құндылықтар салаларында мейлінше дамыған мемлекеттер қатарына қосу, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары көп өзгеріс болғанын, бұл көзге көрініп тұрғанын атап өтті.

– Қалаларымыз бен ауылдарымыз тазарып, топырақтың, судың, ауаның ластануы азая түсті. Ірі кәсіпорындарда зиянды шығарындыларды төмендету бағытында жұмыс атқарылып, үздік экологиялық тәжірибелер енгізілуде, қатты қалдықтарды қайта өңдеу ісінде алға ілгерілеу бар. Алайда, кемшіліктер де аз емес, алда жұмыс көп. Ең бастысы, экономика ғана емес, азаматтарымыздың тұрмыс салты мен ой-санасы да өзгеруде. Жаңа Конституциямызда жасампаз патриотизм, бірлік, ынтымақ, табиғатты аялау қағидаттары тіршіліктің негізгі іргетасы ретінде бекітілді. Бұған белгілі дәрежеде «Таза Қазақстан» жобасының, яғни, ел жастарының есері болғаны

қылмыстық жауапкершілікке тартқан дұрыс. Осындай тәсілдер қоршаған ортаға озық әрі жауапты көзқарас қалыптастырады деп ойлаймын. Бұл да «Таза Қазақстан» аясында атқарылуға тиіс істің бірі, – деді Президент.

Қасым - Жомарт Тоқаев экологиялық мәдениетті қалыптастыру ісінде білім жүйесіне баса мән беруді маңызды мәселе ретінде атады.

– Тазалықтың тірегі – тәрбие. Балаларды экологиялық мәдениет пен еңбекке мектеп жасынан баулу қажет. Сондықтан экологиялық акцияларға оқушылар мен студенттердің белсене қатысқаны жөн. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігіне «Жасыл сабақтар» жобасын қабылдауды тапсырамын. Білім ордаларында суды және қуат көзін үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау ісін дәріптейтін бастамаларды қолға алу қажет. Сондай-ақ оқушылар мен студенттердің экология мәселесіне арналған ғылыми ізденістеріне жан-жақты қолдау көрсету керек. «Таза Қазақстан» халқымызды жаңа сапалық деңгейге көтеретін ұлттық идея болуға тиіс. Оны қоғамда терең орнықтыру үшін мәдениет саласының, әсіресе, креативті индустрияның әлеуетін барынша пайдаланған жөн. Еңбекқорлық, ұқыптылық, адалдық, жасампаздық құндылықтары фильмдер, сериалдар арқылы да насихатталуға тиіс. Бұл жұмыста бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желінің де мүмкіндігін дұрыс қолдану керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір елімізде түбегейлі өзгерістерді қолға алынып, ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді.

– Наурыз айында өткен республикалық референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Осылайша, ел тарихының жаңа парағын аштық. Біздің түпкі мақсатымыз – «Заң мен тәртіп» қағидаты берік орныққан қауіпсіз және әділетті қоғам құру. Жас ұрпаққа, яғни сіздерге өркениетті, беделді, дамыған мемлекетті аманат етіп қалдыру. Осы жолда бәріміз табанды еңбек етуіміз керек. Ал Отанға қызмет қаралайым дүниелерден басталады. Тал егу, айналанды таза ұстау арқылы елге пайдалы болуға, яғни ұлтқа қызмет етуге болады. Мен жастардың, еріктілердің елімізді көркейтуге қосқан орасан зор үлесін жоғары бағалаймын. Адал еңбектеріңізді ерекше құрметке лайық деп санаймын. Тазалық – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Ой-ниеті және ары таза адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды, ондай адам елін де сатпайды. Тәртіпке бағынып, түзу жолдан да адаспайды. Айналасына қамқор, жақындырына жанашыр болады. Елдің көшін алға бастап, ұлт сапасын жақсартуға атсалысады. Мен бәріңізді дәл осындай азамат деп есептеймін. Баршаңызға тағы да сәттілік тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, Отан алдындағы адалдығын нақты ісімен көрсеткен бір топ азаматты марапаттады.

# «DIGITAL QAZAQSTAN» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЦИФРЛАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҮКІМЕТТЕ ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫНДА ЖИ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында экономика саласына жасанды интеллект енгізу мәселесі қаралды. Жиында Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, өнеркәсіп және құрылыс министрі – Ерсайын Нағаспаев, көлік министрі – Нұрлан Сауранбаев, энергетика министрі – Ерлан Аққенженов, ғылым және жоғары білім министрі – Саясат Нұрбек, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ, Астық консорциумы және «Ascle» IT стартап басшылығы баяндама жасады.

Премьер-министр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мәселелеріне және цифрлық технологиялар мен ЖИ-ді жаппай енгізуге айрықша мән беретінін, бұл елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясының жобасы әзірленді. Ол жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын барынша енгізуді мақсат етеді. Аталған ұзакмерзімді даму бағдарына мүлдем жаңа көзқарасты қалыптастырып, қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру шараларын үйлестіруге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз экономиканы цифрлық трансформациялауға айтарлықтай серпін беріміз қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша біз IT - қызметтер экспортын \$1 млрд - тан астам деңгейге жеткіздік. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллектің әлемдік экономикаға қосатын үлесі \$22 трлн - нан асады. IT саласы ерекше қарқынмен дамып келеді, сондықтан жаһандық ауқымдағы цифрлық бәсекеге қабілетті болу үшін жұмыла жұмыс істеу керек. Еліміздің кәсіпорындарында цифрлық технологияларды енгізу өнімнің сапасын, еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Есептеу өтатын дамытуға назар аударылады. Елімізде

Alm.Cloud және AL Farabium өңірдегі ең ірі суперкомпьютер кластерлері орналасқан. Олар жаһандық TOP-500 рейтингіне кіреді.

Мемлекеттік органдар мен бизнес тарапынан жасанды интеллект шешімдерін әзірлеу үшін суперкомпьютердің артты.

Мемлекеттік органдар мен бизнес тарапынан есептеу қуаттарын бөлуге қатысты өтініштер санының артуына байланысты Премьер-министр Жасанды интеллект министрлігіне қолданыстағы көлемдерді ұлғайту бойынша және есептеу қуатының шектеулі болуы тежеуші факторға айналып кетпеуі үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Павлодар облысында «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» жобасын жүзеге асыруға инвесторлар тарту жұмысын жандандыру қажеттігі атап өтілді. Қазақстан инвесторлар мен IT-мамандар, соның ішінде шетелдік мамандар үшін де тартымды болуы керек. Жауапты ведомствоға Қазақстан аумағында бұлтты провайдерлердің қызметін реттеу мен оның дамуын ынталандыруға арналған заңнамалық түзетулер әзірлеу тапсырылды.

Премьер-министр жасанды интеллектті жаппай енгізудің негізгі шарты сапалы әрі қолжетімді деректердің болуы екенін атап өтті. Шашыраңқы деректерді ретке келтіру, бизнеске мемлекеттік деректер қорының қолжетімді болуы және оларды пайдаланудың бірыңғай стандарттарын енгізу мәселелерін шешу міндеттері қойылды. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне әдіснамалық базаны қалыптастыруды аяқтап, салалық «data-lake»-тер құруға басымдық беруді тапсырылды.

ЖИ дамуында жеке сектор маңызды рөл атқарады. Бизнес үшін экономикалық ынталандыру құралдарын әзірлеу қажеттілігіне, сондай-ақ қаржы институттарының, ең алдымен, цифрландыру және жасанды интеллектті қолдану деңгейі жоғары жобаларға қолдау көрсетуіне баса назар аударылады. Жасанды интеллект жобаларының бірыңғай пулын қалыптастыру қажет. Бұл алдымыздағы мақсат-міндеттердің ауқымын айқындап, сапалы үйлестіруді қамтамасыз етеді және жобалардың қайталануын болдырмауға, ресурстарды тиімді жұмсауға ықпал етеді.

Премьер - министр қазіргі сын-қатерлер әлеуметтік

экономикалық даму барысын жоспарлаудың неғұрлым нақты құралдарына көшуді талап ететінін атап өтті. Жасанды интеллект үлкен деректерді өңдеуге, зандылықтарды анықтауға және барынша нақты болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Яғни, мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімділігін арттырады.

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Жасанды интеллект министрлігімен бірлесіп, экономикалық үдерістердің дамуын болжау үшін жасанды интеллектті қолданудың нақты тетігін енгізуі қажет.

Кәсіпорындардың көпшілігіне, әсіресе шағын және орта бизнес үшін жасанды интеллект күрделі әрі қол жеткізе алмайтын құрал болып отыр. Мұның негізгі себептері — құзыреттердің, ресурстар мен нақты іске асыру тетіктерінің жетіспеушілігі. Сондықтан Жасанды интеллект министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, шағын және орта бизнес саласында жасанды интеллектті енгізуді ынталандыру тәсілдерін әзірлеуі қажет.

Ғылым және жоғары білім министрлігі осы бағытта жаңа мамандарды даярлаумен қатар, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген кадрларды қайта даярлап, аталған мәселеге баса мән беруді тиіс.

«Жаңа Конституцияда алғаш рет азаматтардың дербес деректерін қорғау құқығы бекітілді. Бұл саланың одан әрі дамуына серпін беріп, мемлекеттің стратегиялық басымдықтарын айқындайды. Қазір заңнамада жасанды интеллект жүйелерін пайдалану кезінде дербес деректерді қорғау қажеттілігі көзделген», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жасанды интеллект министрлігіне үшінші тараптар мен жүйелердің дербес деректерге рұқсатсыз кіруіне жол бермеу, сондай-ақ зияткерлік меншік нысандарына құқықтарды қорғау мақсатында тиісті бақылауды қамтамасыз етуді тапсырылды.

Digital Qazaqstan стратегиясының жобасы елімізде түбегейлі цифрлық өзгерістерді қамтамасыз етіп, экономика салаларында жасанды интеллектті енгізуге бағытталғаны атап өтілді.

Тапсырмалардың жүзеге асырылуын бақылау және үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевке жүктелді.

## БЕЙБІТ ИСАБАЕВ: БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДА 3 КОММУНАЛДЫҚ ЖАҒАЖАЙ САЛЫНАДЫ

Биыл Балқаш көлінің жағалауында 3 коммуналдық жағажайдың құрылысы жүргізіледі, оның 1-еуі алдағы шомылу маусымында ашылады деп жоспарланған. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Сарқан ауданының тұрғындарымен өткізген кездесу кезінде айтылды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан аудандық мәдениет үйінде өткен кездесу жиынында өңір басшысы тұрғындарға облысты әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Соның ішінде агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, ирригациялық жүйелерді жөндеу, пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару, сол сияқты «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру мәселелеріне тоқталды. Мәселен, «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 5 млрд теңге қарастырылып, 271 несие беру, 540 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Оның 2 млрд теңгесі 58 кооперативті қаржыландыруға бағытталады.

Сонымен қатар Бейбіт Исабаев өңірдегі жол инфрақұрылымын дамыту тақырыбын да назардан тыс қалдырған жоқ.

«Өткен жылы өздеріңізбен кездескенде, «Лепсі-Мұқан Төлебаев» жолын жөндеу мәселесі көтерілген болатын. Биыл жобаны бастауға қаржы бөлінді. Бұдан бөлек, бытырғы кездесудегі сұрауларыңыз бойынша «Алматы-Өскемен» автожолын күрделі жөндеу барысында Алмалы, Абай, Бақалы, Қойлық, Қарабөген ауылдарына қиреберіс жолдар жарықтандырылып, жол жиегі қоршалды. Республикалық және облыстық маңызы бар жолдардың жағдайын жақсарттық, ендігі кезекте ауылшілік жолдарды жөндеуге көңіл бөлеміз, оған биыл қомақты қаржы қарастырылды. Алдағы жылдары бұл жұмыстар жалғасады, — деді Б. Исабаев.

Оның айтуынша былтыр «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы аяқталып, Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының 84 елді мекенін табиғи газбен қамтудың құжаттамасы әзірленген. Соның ішінде Сарқан ауданының 19 ауылына биыл газ тарту жұмыстары басталады.

Облыс басшысы өз сөзінде Балқаш көлі жағалауын дамыту шараларына ерекше тоқталды. Белгілі болғандай, былтыр көлге апаратын 137 шақырым жол қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілген. Сондай-ақ Лепсі станциясында жаңа теміржол вокзалының құрылысы биыл аяқталады. 2025 жылы Лепсі ауылынан көл жағалауына дейін электр және су желілері тартылды.

Балқаш көлінің жағалауында 3 коммуналдық жағажай салынады. Бірінші жағажай бойынша жұмыстар басталды. Оның біреуі шомылу маусымында іске қосылады деп жоспарланған. Екінші жағажай тамыз айында салынып бітуі тиіс. Үшінші жағажайдың құрылысы биыл басталып, келесі жылы жазғы маусымда беріледі. Бұдан бөлек, көл жағалауындағы коммерциялық мақсаттағы жер учаскелерін аукцион арқылы инвесторларға беру жұмыстары басталды. Ендігі кезекте жағалауды абаттандырып, демалыс аймақтарын салу және жеке инвесторларды тарту міндеті тұр, — деп атап өтті Б. Исабаев.

Облыс әкімі сондай-ақ, тұрғындарды әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыру жайынан да хабардар етті.

Мұнан соң аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев сөз алып, аймақтың өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен былғы жо-

спарлары туралы айтты. Оның айтуынша, өнеркәсіпте 16,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, негізгі капиталға 50,5 млрд теңге инвестиция тартылған. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен бюджетке түскен салық көлемі былтырғымен салыстырғанда 1,4 есеге артты. Биыл егістік 98,2 мың гектарға егін егіледі, ол үшін 46 шаруашылық «Кең дала-2», «Агробизнес» бағдарламалары арқылы несие алды. Ал, тұрғын үй құрылысы 136,8% артық орындалып, 16,4 мың шаршы метр үйлер пайдалануға берілген. Сол сияқты биыл Басқан өзені бойында 3 ГЭС-тің құрылысы басталады. Әлеуметтік салаға келсек, өткен жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Ақтұма, Қарғалы және М.Төлебаев ауылдарында үш ФАП қолданысқа берілген. Білім саласында былтыр Қойлық ауылындағы бөбекжай жөндеуден өткізілсе, биыл Ақтұма ауылындағы орта мектепті жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп отыр. Аудан әкімінің баяндамасында осы және басқа да жобалар жайлы кеңінен баяндалды.

Жиын соңында облыс әкімі аудан басшылығының алдына халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытында бірқатар міндеттер қойды. Бұл ретте мал бордақылау алаңдарын, тауарлы сүт фермаларын, ет комбинаттарын салу, мал өнімдерін және жеміс-жидекті терең өңдеу туралы бірнеше жыл қатарынан айтылып, тапсырылғанымен әлі күнге қайта өңдеу өнімдерін дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмегенін қадап айтты. Сол сияқты балық шаруашылығын қолға алуды, «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа өнеркәсіптер ашуды, аудан қорына қайтарылған 19,2 мың гектар ауыл шаруашылық жерлерін 1-ші шілдеге дейін айналымға қосуды тапсырды.

«Сіз халық сайлаған әкімсіз, тұрғындар сізге үлкен сенім артты. Сондықтан ауданды дамытудағы жауапкершілігіңіз де аса үлкен. Биыл ауданда біршама оңды жұмыстар атқарылды. Дегенмен алда өлі де үлкен міндеттер бар. Туризм саласын дамытуға мұнда мүмкіншілік көп. Осыны кеңінен пайдаланып, туризм бағытын жандандыру арқылы аудан экономикасының өсімін ұлғайту керек. Ең бастысы — халықтың әл-ауқатын арттыру, өңіріміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Осы жолда әрқайсымыздың үлесіміз маңызды, — деді Бейбіт Исабаев.

Осы жиын барысында өңір басшысы аты аңызға айналған палуан Әбілсейіт Айхановтың есімін есте қалдыру бағытында аудан тарапынан нақты ұсыныстар беруді тапсырды. Сарқан ауданында туған атақты спортшының есімін ұлықтау кейінгі жас спортшыларға үлгі екені анық.

Бұдан соң тұрғындар өз сауалдарын қойды. Атап айтқанда, олар Алмалы ауылындағы мектепке жөндеу жүргізу, сол сияқты Қарабөген ауылындағы ескі медициналық нысанның орнына жаңа ғимарат салу туралы өтініштерін жеткізді. Бұл мәселелерге байланысты облыс әкімі тиісті басқармаларға және аудан әкіміне аталған ғимараттардың жағдайын зерделеп, олардың шешімі бойынша нақты ұсыныстар беруді тапсырды. Бұл мәселелер облыс әкімінің жеке назарында болады.

Осы күні Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келгендер жол жөндеу, ауыз су сапасын жақсарту, тұрғын үй мәселелері бойынша жүгінді. Бұл мәселелердің шешіміне байланысты белгіленген жоспарлар баяндалып, нақты жауаптар берілді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

## 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі!

**"ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ:  
ЖЕТІСУДА 8 МЫҢНАН АСТАМ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ**

және ағаш егу шарасына қатысқанбыз. Өзіме қоғамдық жұмыстарға қатысқан ұнайды. Мұндай шараларда жастар бір-бірімен араласып, танысып, жақсы орта табамыз. Өрі табиғатқа қамқорлық жасауға бірлесіп жұмыламыз. Бұл бізді ұйымшылдыққа, экологиялық мәдениетімізді қалыптастыруға көмектеседі, - деді Дархан Жұмаев.

Ағаш егуге жастар ұйымдарында белсенділік танытып жүрген оқушылар да бар.

- Мен екі жылдан бері Unicef жастар ұйымының мүшесімін. Өзім Назарбаев зияткерлік мектебінде 10-сыныпта оқимын. Біз балалардың құқығын қорғау бағытында ақпараттандырумен айналысамыз. «Jetisu Jastary» ұйымымен бірге осындай экологиялық акцияларда белсендіміз. Біздің эко-волонтерлық туралы арнайы курстарымыз бар, мүшелерімізді сол курстарға оқытамыз. Яғни әр эко-волонтер өзінің білгенін басқаларға да айтып, жеткізіп, білімімен бөлісіп үйретеді, - дейді Нұрай Қожекенова.

Атап өтсек, осы күні Астанада «KazEcoPatrol» қоғамдық бірлестігінің волонтері Давид Вирки Президенттің қолынан Алғыс хат алды.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**

оның болашақта игілігін көресіздер, - деді Б. Исабаев.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметінше, облыс көлемінде акцияға мекеме-ұйымдар қызметкерлері, коммуналдық қызметтер, кәсіпорындар, елді мекендер тұрғындары, эко-белсенділер, еріктілер мен жастар

жалпы саны 15 мың адам қатысып, 125 техника жұмылдырылған, 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Талдықорғандағы акцияға қатысушы жастар пікір білдірді.

- Талдықорған индустриалды колледжінің 1-курс студентімін. Бұған дейін Текелі қаласында да осындай тазалық

**ЫНТЫМАҚ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚАДІРІ ЖЕРЛЕСТЕР!**

**/Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы/**

**/Аудандық Мәслихат төрағасы Бейбіт Сүлейменовтың мерекелік құттықтауы/**

Бұл күн азамат ынтымақтастығын ту етіп көтеріп, өзара бауырмалдық, татулықта тұрып жатқан барша қазақстандықтар үшін ортақ қуанышты мереке.

Қазақстан - кең байтақ жері мен қонақжайлық ықыласы тағдыр төлкегіне ұшыраған жүздеген ұлт пен ұлыстың екінші Отанына айналғаны аян.

Біз бүгінгі таңда елімізде достық пен өзара ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен рухани келісімнің сақталып отырғанын мақтан тұтамыз. Еліміздің болашаққа негізделген сындарлы саясатын жүзеге асыруға және халықтың тұрмыстық деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың Жолдауын ақсулықтар бір адамдай қолдауда. Осындай серпілістен кейін 1 мамыр мерекесін жерлестеріміз жоғары көңіл - күймен қарсы алып отыр. Олай деріміз, ауданымызда өндірістің бар саласы бойынша алға басу байқалады. Оған Ақсу жұртшылығының әрқайсысы өз үлесін қосуда.

**Құрметті жерлестер!**

Сіздерді көгілдір көктемдегі ынтымақ мерекесімен шын жүректен құттықтап, барлықтарыңызға зор денсаулық, көтеріңкі көңіл - күй тілеймін. Алға қойған арман - мақсаттарыңызға жетіңіздер. Еліміздің аспаны ашық болып, бейбітшілік туы әрқашан желбірей берсін.

Отбасыларыңызға береке - бірлік болсын!

Сіздерді аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтаймын!

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін өркениетті әлемге татулығы жарасқан ел ретінде танылды. Бір шаңырақ астындағы мемлекетіміз өркендеп, ілгері басуда.

Егемен еліміз бүгінде ырысты ынтымақ пен берекелі бірліктің мерейлі мекені.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлтаралық келісім мен пайымды парасаттылыққа негізделген үйлесімді саясатын халықаралық қауымдастық жоғары бағалауда.

Бүгінде ауданымыздағы әр салада қаншама өзге ұлт өкілдері де қызмет жасайды. Бір үйдің баласындай татулықты ту еткен бауырластар аудан экономикасының өркендеуі мен әлеуметтік ахуалының жақсаруына атсалысып келеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық - біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір аудан азаматының міндеті болып табылады.

Халқымыздың ынтымақтастығы мен өзара ауызбіршілігі нығаюда. Алда да Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы достыққа сызат түспесе екен деп тілейміз. Ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық, бірлік мәңгі жасай берсін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!

Баршаңызға мықты денсаулық,



**Құрметті ақсулықтар!**

Сіздерді мамыражай мамырдағы Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын.



отбасыларыңызға жақсылық, татулық, ынтымақ, шаңырақтарыңызға бақыт, шаттық, ортамызға береке - бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!



**1 МАМЫР  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ  
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ**

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ  
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІМЕН  
ШЫН ЖҮРЕКТЕН  
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

## КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



### Агротехникалық жұмыстар толық орындалуға жақын

Көктемгі дала жұмыстарының маңызды кезеңдерінің бірі – ылғал жабу, жерді себуге дайындау және жырту жұмыстары. Бұл бағытта бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, 11 000 гектар алқапта ылғал жабу жұмыстары толық орындалып, жоспар 100 пайызға игерілді. Сонымен қатар, 10 714,1 гектар жерге жүргізілген себу алдындағы өңдеу жұмыстары да толық аяқталды.

Ал көктемгі жер жырту жұмыстары бойынша 40 558 гектар толық орындалды.

### Егіс науқаны: негізгі дақылдар бойынша ілгерілеу бар

2026 жылға жоспарланған жалпы егіс көлемі 62 272 гектарды құрайды. Оның ішінде дәнді және бұршақ дақылдарына 29 150 гектар бөлінген.

Бидай егісі толық аяқталып, 13 350 гектар жер қамтылды. Оның ішінде жаздық және күздік бидай толық себілген. Арпа егісі 100 пайызға, ал жүгері 76,1 пайызға орындалды.

Майлы дақылдар бойынша 14 725 гектар жоспарланып, қазіргі таңда 6 850 гектарға себіліп, 89,5 пайыз орындалды. Оның ішінде күнбағыс пен майбұршақ шамамен 82 пайызға игерілсе, мақсары дақылы 100 пайызға толық орындалды.

Қант қызылшасы 2 600 гектарға жоспарланып, оның 2 310 гектары себілді. Картоп пен көкөніс дақылдары бойынша жұмыстар

кезең-кезеңімен жалғасуда.

Жемшөп дақылдарына ерекше көңіл бөлініп отыр. Жалпы 14 867,5 гектардың ішінде біржылдық дақылдар да, көпжылдық дақылдар да толық егілген. 100 пайызға орындалды.

### Күздік бидайдың жағдайы тұрақты

Күздік бидай алқаптарының жалпы көлемі 7 900 гектарды құрайды. Оның 70,6 пайызы жақсы жағдайда сақталған. Қалған 29,4 пайызы қанағаттанарлық деңгейде. Нашар жағдайда сақталған алқаптардың болмауы – агротехникалық шаралардың тиімді жүргізілгенінің айғағы.

### Техника толық дайын, бірақ тозу деңгейі жоғары

Көктемгі дала жұмыстарына

ауыл шаруашылығы техникалары толық дайын. Аудан бойынша 732 трактордың 432-сі науқанға қатысып, барлығы 100 пайыз жөндеуден өткен. Сонымен қатар, 266 соқа, 114 себкіш, 56 қопсытқыш және 67 тырма толық дайын күйде.

Жалпы 935 техника бірлігі көктемгі жұмыстарға жұмылдырылуда.

Дегенмен, жалпы техника паркіне талдау жүргізілгенде 1 526 техниканың 1 090-ы 10 жылдан астам пайдаланылғаны анықталды. Тозу деңгейі 71,4 пайызды құрайды. Бұл алдағы уақытта техниканы жаңарту қажеттігін көрсетеді.

### Су үнемдеу технологиялары енгізілуде

Су ресурстарын тиімді пай-

далану мақсатында су үнемдеу технологиялары кеңінен қолданылуда. Атап айтқанда, жаңбырлатып суғару 9981 гектар алқапта енгізілсе, тамшылатып суғару 92 гектарды қамтыды. Бұл әдістер өнімділікті арттырумен қатар, суды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

### Жанар-жағармай және тыңайтқышпен қамту

Көктемгі дала жұмыстарына 42 шаруа қожалығы 563,8 тонна арзандатылған дизель отынына өтінім берген. Ал күзгі егін жинауға 29 шаруашылықтан 539,6 тоннаға сұраныс түсті.

Минералды тыңайтқыштарды қолдану жоспары 7 212 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда 19 шаруашылық 1 059 тонна тыңайтқыш алып үлгерді.

**Мемлекеттік қолдау: «Кең Дала-2» бағдарламасы**  
2026 жылға арналған «Кең Дала-2» несиелік бағдарламасы аясында 30 адамға 790,5 млн теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Қазіргі таңда 15 өтінім тапсырылып, оның 8-і мақұлданды. Мақұлданған қаржы көлемі 108,5 млн теңгені құрайды. Ал 7 өтінім қаралу үстінде.

### Қорытынды

Жалпы алғанда, аудан бойынша көктемгі дала жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Бірқатар бағыттарда жұмыстар толық орындалса, кейбір салаларда қарқын арттыру қажет. Сонымен қатар, техника паркін жаңарту, тұқымен қамтамасыз ету және агротехнологияларды жетілдіру – алдағы кезеңнің басты міндеттері болып қала береді.

Аталған шаралар ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына негіз болып, өнім көлемін арттыруға және шаруалардың экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз.

Иә, жер – атадан қалған аманат, ұрпаққа табыстар қасиетті қазына. Оны күтіп-баптау, әрбір қарыс топырағын тиімді пайдалану – бүгінгі диқанның ғана емес, ертеңгі ел тағдырына жауапты азаматтың парызы. Ауыс-палы егісті ұтымды жүргізіп, минералды тыңайтқыштарды ғылыми негізде қолдану – мол өнімнің кепілі болса, мемлекет тарапынан берілетін субсидияларды мақсатты әрі әділ пайдалану – ортақ игіліктің арқауы.

Сондықтан әрбір шаруа қожалығы жерге жанашырлықпен қарап, заманауи тәсілдерді бағыт енгізіп, берілген мүмкіндікті орнымен жұмсай білсе, ауыл шаруашылығының еңсесі биіктеп, ел ырысы еселене түсері сөзсіз. Берекелі жер – баянды болашақтың бастауы екенін ұмытпайық.

**Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.**

### ● МАМАН КЕҢЕСІ

## ҚЫЗЫЛША ЖҰҚПАСЫ



Қызылша – қоздырғышы вирус болып табылатын жұқпа. Ауру ауа – тамшы жолымен таралады. Клиникасының негізгі белгісі - денеде бөртпелердің пайда болуы. Қызылшаның вирусы адам ағзасына тынысалу жолдары арқылы енеді, көбейіп, қанға таралады. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік майын зақымдайды.

Қызылша қалай көрінеді? Жіті респираторлық ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады (дене қызуының көтерілуі, жөтел, мұрынның қабынуы, көздің жасасауы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызыл бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, содан соң барлық денеге тарайды. Қызылшамен сырқаттанушы айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанға дейін 4 күн, пайда болғаннан кейін 4 күн ішінде жұқпалы болып саналады.

Қызылшаның қауіпі неде? Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар – ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхының, ми қабықтарының қабынуы. Қызылша ауырған адамды мидың зақымдануынан өмірлік мүгедектікке, одан басқа соқырлыққа және кереметке әкеліп соғуы мүмкін.

Қызылшаны қалай емдейді? Қызылша қиын емделеді. Сырқатты емдеуге арнайы дәрі жоқ. Антибиотиктер тек қызылшадан асқынуларын емдеуге тағайындалады. Науқастарға дәрумендермен байытылған тағаммен тамақтану, мол су ішу қажет.

Жетісу облысы бойынша қызылша жұқпасының өршуіне байланысты 2023 жылдың қазан айынан бастап 2024 жылдың наурыз айын алғанда 6 айдан бастап 10 ай 29 күн және 2 жас 11 ай 29 күн тұған балалардан бастап әрі қарай 3 жас 11 ай 29 күн, 4 жас 11 ай 29 күн балаларға және иммундық статусы жоқ 55 жасқа дейін медицина қызметкерлерге, 6 жастан асқан 18 жасқа дейін екпелерін алмай қалған балаларға жаппай иммундау жүргізілді. Сол себептен қызылша жұқпасының азаюына қол жеткізілді.

Қызылшадан қалай қорғануға болады? Профилактикалық екпелер Ұлттық күнтізбесіне сәйкес тегін жасалады. Қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау баланың 12 айында және 6 жасында жасалады. Қызылша сырқатынан ең сенімді қорғау тәсілі – ол вакциналау.

## АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ (АПВ)

Адам папиллома вирусы – адамның терісін және шырышты қабаттарын зақымдайтын вирус түрі. Қазіргі таңда аталған вирустың 200 астам түрі белгілі. 14 астам түрі жоғарғы онкогенді қауіп тудырады. Бұл вирус көбіне терінің шырышты қабаттарында дамиды, сонымен бірге асқынудың жоғары. Әсіресе, тәжірибеде жиі кездесетін жатыр мойнының обырына әкеп соқтыруы мүмкін. Жатыр мойны обырының дамуы әйел адамның папиллома вирусын жұқтыруымен байланысты. Вирусты жұқтырғанда, ол оның ағзасында ешқандай ауру белгілерін тудырмай тарала береді. Науқас өзінің қатерлі дертке шалдыққанын аурудың соңғы кезеңіне дейін білмей жүруі мүмкін. Сол себепті тұрғындарды екпе алуға, жыл сайын бір тексерістен өтіп тұруға шақырады.

Ең басты вирустың пайда болуына, адам иммунитетінің төмендеуі. Бұл вирус адам ағзасында көбеюге бейім. Ол түрленген сайын түрлі ауруларды тудырады. Әсіресе онкогенді дерттердің вирустары жылдам репликацияланады (көбейеді). Әсіресе, салдары адам өміріне қауіп төндіретін қатерлі ауруларға әкеп соқтырады. Кейбір жағдайларда ағзаға түскен вирус 12-24 айдың ішінде өзі жойылып кетуі де мүмкін. Десек те, «Сақтанғанды сақтайды» демекші, екпе салдырып, профилактикалық тексерістен өту – әр адамның өз денсаулығы үшін өте маңызды.

Вирус адамдар арасында тұрмыстық жанасу жолымен – қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар мен жыныс жолдары арқылы жұғады. Әсіресе,



вирус ылғалды ортада тез таралуға бейім. Тікелей бала туу кезінде, вирус анадан сәбиге оның босану жолдарымен өту кезінде беріледі. Сондықтан қоғамдық орындарда сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз абзал.

2024 жылдың күз айынан бастап елімізде 11 жастағы қыз балаларға адам папиллома вирусына қарсы екпе салынып басталып отыр. Бұл шара ұлттық күнтізбемізге енгізілген. Ата-аналарға, қыз балаларға адам папиллома вирусы мен оған қарсы жасалатын екпе туралы толыққанды ақпарат беру шаралары жүргізілуде. Себебі, бұл екпе – онкологиямен күресудің жалғыз әдісі.

Денсаулық сақтау жүйесінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 25 пен 44 жас аралығындағы әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісік түрлерінің ішінде бұл дерт сүт безі обырынан кейінгі 2-ші орында. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900-ден астам жаңа жағдайы анықталады. Жатыр мойны обырының күнделікті 5 жаңа жағдайы тіркеледі. Жыл сайын 600-ге жуық әйел жатыр мойны обырынан көз жұмады. Бұл көрсеткішті әр күнге шаққанда, күніне 2 әйел қатерлі дерттен қайтыс болады деген сөз.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцинаның құрамында тірі вирустар жоқ, оның құрамында ағзаға түскенде иммунитетті белсенді ететін жекелеген вирус ақуыздары бар. Өз кезегінде иммундық жүйе жасушаларымен адам папиллома вирусымен күресуге бағытталған антиденелер өндіріледі. Осыған байланысты вакцина обырды тудыруға қабілетсіз. Керісінше, ағзаны бұл вирусты тануына және онымен күресуіне оң ықпал етеді. Оған қоса, Адам папиллома вирусына қарсы вакцина әйелдердің репродуктивтік қызметіне кері әсерін бермейді және бедеулікке әкеп соғуы мүмкін емес. Бұл өлемнің дамыған елдерінде көп жылдық клиникалық зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Қыз баласы – болашақ ана. Ол еліміздің өркендеп, өсуіне ат салысатын болашақ ұрпақты өсіруші. Ал ертеңгі ұрпақтың сапалы да саналы болуы әйел адамның денсаулығына тікелей байланады. Сол себепті қатерлі дерттің алдын алу үшін екпе салдырып, тиісті шараларға белсенді қатысуға шақырамын.

**Б.Е.ТЕМІРХАНОВ,**  
аудандық СЭББ  
басшысы.

## АУДАН ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРГЕН ТҰЛҒА

АДАЛ ЕҢБЕК – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ:

Кейде бір адамның тағдыры тұтас бір өңірдің тыныс - тіршілігімен астасып жатады. Уақыт таразысына салғанда, ондай жандардың еңбегі тек атқарылған істерімен емес, елдің жүрегінде қалдырған ізімен өлшенеді. Бүгінгі очеркімізге арқау болып отырған тұлға – дәл сондай азаматтардың бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан «Адал азамат – еңбек адамы» деген тұжырым бар. Бұл сөз – құр ұран емес, өмірімен дәлелдеп жүрген жандарға берілген шынайы баға. Иә, қай кезеңде болмасын елдің еңсесін көтеріп, халықтың сенімін ақтайтын азаматтар болады. Біздің ауданымызда да осы сөздің үдесінен шығып жүрген, ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан азаматтың бірі деп аудан әкімінің орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы сеніммен атауға болады. Оның ауданымыздағы қызмет жолы – соның айқын дәлелі.

Ғазиз Отарбайұлының ауданға келген сәті – 2019 жыл. Сол жылы ауданымызға идеология саласы бойынша аудан әкімінің орынбасары болып келген сәттен бастап ол жауапкершілігі жоғары, халықпен етене жұмыс істей алатын білікті басшы ретінде танылды. Иә, қарапайым күндердің бірінде басталған қызмет жолы көп ұзамай үлкен сынақпен бетпе - бет келді. Әлемді алаңдатқан індет – COVID-19 ел есін алып, жұртты үрей құшағына енгізген тұста, жауапкершіліктің салмағы да еселене түсті. Осындай қиын кезеңде Ғазиз Отарбайұлы тек кабинеттен басқарған басшы емес, халықпен бірге тыныстаған, әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұрғанын терең сезінген азамат ретінде көрінді.

Ковидке қарсы комиссияны басқару – жай ғана қызметтік міндет емес, үлкен тәуекел мен батылдықты та-



шақта сабыр мен тұрақтылықтың сақталуына үлес қосу – үлкен азаматтық ұстанымды қажет етеді. Ғазиз Отарбайұлы дәл сондай ұстаным биігінен көріне білді. Иә, осы кезде де Ғазиз Отарбайұлы тағы да жауапты міндеттің басында болып, комиссия төрағасы ретінде халықты сабырға шақырып, тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосты. Бұл – оның тек басқарушы ғана емес, ел тағдырына бейжай қарамайтын азамат екенінің дәлелі.

Бірақ оның қызметі тек дағдарыс кезеңдерімен шектелмейді. Күнделікті тіршіліктің өзінде елмен етене араласу, халықтың мұң-мұқтажын тындау – оның жұмыс стилінің ажырамас бөлігі. Аудандық ардагерлер кеңесімен бірге ауылдарды аралап, қарапайым тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін көзбен көріп, көңілге түйіп қайтуы – шынайы жанашырлықтың белгісі. Өйткені елдің мәселесін кабинетте отырып толық түсіну мүмкін емес, оны халықтың ортасында жүріп сезіну керек.

Ғазиз Отарбайұлының тағы бір қыры – спортқа деген ерекше ықыласы. Қимылсыз қызметтің қасаң шеңберіне қамалмай, өзі де белсенді өмір салтын ұстануы – көпке үлгі. Облыстық деңгейдегі

шаруашылық и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н ы ң заңдастырылуы – ауыл тіршілігінің еңсесін тіктеген нақты қадамдар. Нақтырақ айтсақ, соңғы үш жылдың нәтижесінде тауар айналымы 20 пайызға өсіп, инвестиция тарту деңгейі айтарлықтай жоғарылады. 2500 басқа арналған мал бордақылау алаңының салынуы – осы бағыттағы ірі жобалардың бірі. Сонымен қатар, баздар мен қора-қопсыларды заңдастыру жұмыстары жүргізіліп, олардың жалпы көлемі 1 миллиард теңгеге жетті.

Ауданымыз ауыл шаруашылығына бейім өңір болғандықтан, бұл саладағы жетістіктердің маңызы зор. Қант қызылшасы алқаптарының ұлғаюы – тіпті белек әңгіме. Кеше ғана шағын көрсеткішпен шектелген егіс көлемі бүгін еселеп артып, зауытқа жөнелтілетін өнім көлемі тұрақты деңгейге жетті. Бұл – жоспарлы еңбектің, табанды ізденістің жемісі. Қант қызылшасын егу көрсеткіші 2023 жылы 25 пайыз болса, 2024 жылы үш есеге жуық өсіп, 83 пайызға жетті. Нәтижесінде қант зауытына жыл сайын 70–80 мың тонна өнім өткізілуде. Бұл – жүйелі жұмыстың, нақты жоспардың жемісі.

Жер қатынастары саласында жүргізілген жұмыстар да әділдік пен ашықтықтың жаңа үлгісін қалыптастырды. Мемлекетке қайтарылған жерлердің халық игілігіне берілуі – әлеуметтік теңдікті нығайтқан маңызды қадам. Соңғы екі жылда 100 мың гектардан астам жер мемлекетке қайтарылып, тұрғындарға конкурс арқылы үлестірілуде. Бұл – әділдік пен ашықтықтың айқын көрінісі. Ал су үнемдеу технологияларын енгізу – болашаққа бағытталған көреген шешім. Тамшылатып және жаңбырлатып суару тәсілінің кеңінен қолданылуы – ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтерген жаңашылдық. Бұл бағыттағы қолға алынған жобалар да назар аударарлық: аудан облыс бойынша тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиясын енгізуде алдыңғы қатарға шықты. Бүгінде 3600 гектар жер осы тәсілмен суарылады. Сонымен қатар, бұрын иесіз жатқан қаналдар теңгерімге алынып, заңдастырылуда.

Осының барлығы – бір адамның қажырлы еңбегі мен тиімді басқару қабілетінің нәтижесі. Ел үшін еңбек етуді өмірлік ұстанымына айналдырған мұндай азаматтар – қоғамның қозғаушы күші. Президент айтқан «Адал азамат» бейнесі дәл осындай еңбек адамдарынан құралады.

Ауданымыздың дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бұл тұлғаның еңбегі – кейінгі буынға үлгі, елге қызмет етудің жарқын жолы.

Жоғарыда айтылған жетістіктердің бәрін саралай келгенде, бір нәрсе анық аңғарылады: бұл – жай ғана қызметтік міндеттер тізбегі емес, елге деген шынайы жанашырлықтан туған еңбек жолы. Ғазиз Отарбайұлы үшін қызмет – мансап емес, аманат. Ал аманатқа адалдық – оның басты қағидасы.

Қоғамды алға сүйрейтін – дәл осындай еңбек адамдары. Олар көп сөйлемейді, бірақ нақты ісімен көрінеді. Олар көзге түсуге тырыспайды, бірақ еңбегімен ел есінде қалады. Адал еңбек – елге қызмет етудің ең биік өлшемі болса, сол өлшемнің үдесінен шығып жүрген азаматтардың бірі – осы очерк кейіпкері. Оның жолы – кейінгі буынға өнеге, елге қызмет етудің шынайы мектебі.

Ербол СЫМХАНОВ.

● 23 СӘУІР - ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ!

## Кітап – адамзаттың рухани қазынасы

23 сәуір - Ұлттық кітап күні. Бұл күн – адамзаттың ең асыл қазыналарының бірі – кітапқа деген құрметті арттырып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірді нығайтатын маңызды мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлттық кітап күні аясында ұсынған 7 кітап – қоғамның рухани дамуына бағытталған маңызды бастама болды. Бұл тізімге енген шығармалардың басты мақсаты – оқырманның ой өрісін кеңейтіп, тарихи сананы жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және адамгершілік қасиеттерді нығайту.

Ақсу аудандық және балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Ұлттық кітап күні мерекесіне арналған "Кітап-ел болашағының кілті" атты оқырман күні ұйымдастырылды.



Шара жалғасы Ақсу аудандық мұрағат қызметкері Е.Айдынұлының архив мекемесінде сақталған ерекше мұралар жайлы таныстырылымы мен «Кітап мәртебесі – ұлт мерейі» атты орталық және балалар кітапханасының кітап көрмесімен жалғасты.

Сондай-ақ шара барысында қатысушылардың білімін, тапқырлығы мен шеберлігін айқындайтын сұрақ-жауап ойындар ойнатылды. Шара соңында «Жанұя» отбасын қолдау орталығының



Шараға зиялы қауым өкілдері, кітапхана оқырмандары, Ақсу ауданының мұрағат қызметкерлері қатысты. Шараның өтуі барысы ақ жаулықты әжелеріміз бен жас оқырмандарымыздың «Дәстүр мен кітап ұрпақтар сабақастығы» атты салт-дәстүрді дәріптеуге арналған шараның көрініспен басталып, шараның ашылу салтанатында Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Сайлаубеков Алматы Алмасұлы құттықтау сөз сөйледі.

Ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев оқуға ұсынған кітаптарды Исатай Исабаев атындағы өнер мектебінің бишілер тобы қозғалыспен би арқылы оқырмандарға жеткізді. Әрбір сыйлық – кітапқа деген құрметтің белгісі. «Кітап сыйла» акциясы аясында оқырмандар сыйға алып келген кітаптарын табыстады.

Дәулетбекова Кулайхан Тұрсынбекқызы ұлттық кітап күні мен бірге кітапханашыларды құттықтап ізгі ниет тілегін білдірді.

Ақсу аудандық кітапханасының директоры Елубаева Айна Шекеқызы шараны қорытындылай келе ұлттық кітап күнінің басты мақсатын айтып өтті. Қоғамда кітап оқудың маңызын арттыру, рухани құндылықтарды дәріптеу және білімге деген қызығушылықты күшейту екенін атап өтті.

Сондықтан әрқайсымыз кітапты серік етіп, білімге ұмтылуды өмірлік қағидаға айналдырайық. Себебі бүгінгі оқырман – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Кітапты сүйейік, Кітапты құрметтейік, Кітап оқып рухани бай болайық!

Б.АБДРАХМАНОВА,  
балалар кітапханасының меңгерушісі.

## Кітап әлемі – ғажай әлем!

Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Әр кітап - Отан байлығы, аға-апаларымыздың маңдай тері екендігін, терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу қажеттігін ұғындырып, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту, көркем шығармалар оқуды насихаттау, жас ұрпақ бойындағы азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында 23 сәуір «Ұлттық кітап» күніне орай Көшкентал ауылдық кітапханасында, 16 сәуір күні «BOOK DOK» тақырыбында ашық есік күні өтті.

21 сәуір күні «Кітап әлемі – ғажай әлем» тақырыбында квест ойын кеші ұйымдастырылып өткізілді. Шара барысында «Даналардың сөзі – кітап бетінде» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітап инсталляциясы жасалды. 2026 жылғы жыл бойына атаулы күндерге арналған және өлкеміздің ақын жазушыларына «Бір ел – бір кітап» акциясына арналған кітап көрмелер ұйымдастырылып, кітапханашы қысқаша шолу жасады.

Шара барысында кітапхананың тұрақты оқырманы Кибаева Айман өз сөзінде: «Кітап – білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы» Кітап – бұл асыл қазына. Ол бізді айқын бесіктен терең қарттыққа дейін сүйрейтін, сүйемелдейтін дос. Кітап - тіл байлығын қалтырастырушы, дамытушы құрал. Болашақ үшін кітаптың маңызы ерекше. Замандар өтіп, қоғамға ғаламтор, теледидар, телефон тағы басқа технологиялар келді. Алайда, ақпарат пен технология дамыған дәуірде де кітап өз орнын жоғалтпайды. Бірде – бір гаджет, бірде – бір фильм сол кітаптағы эмоцияларды, қуаныш пен толқу сезімдерді бермейді. Қазақта бір мақал бар «Кітап білім бұлағы», яғни білімнің қайнар көзі, білімнің ошағы, білімнің бастауы осы кітаптан басталады» - деп көпшілік оқырмандарға кітап оқиық зейініміз ашылсын деп кітап оқуға шақырды.

«Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге», - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық, Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

А.ТҮСТЕБАЕВА,  
Көшкентал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



лап ететін іс еді. Дәл осы тұста оның ұйымдастырушылық қабілеті айқын байқалды: демеушілерді жұмылдырып, қажетті медициналық құрал - жабдықтарды алдыруы, дәрі - дәрмек тапшылығын болдырмауға күш салуы – нақты әрекетке құрылған басқарудың үлгісі болды. Осы қиын сәтте ол - ковидке қарсы комиссияның төрағасы ретінде шұғыл әрі тиімді шешімдер қабылдап, аудан тұрғындарының денсаулығын қорғауда үлкен еңбек сіңірді. Айтқанымыздай – ақ, демеушілерді тартып, қажетті дәрі - дәрмек пен тыныс алу аппараттарын алуға ықпал етуі – нақты нәтижеге бағытталған іскерліктің көрінісі болды. Соның арқасында ауданымыз бұл қатерлі індеттен адам шығынын барынша азайтып, аман - есен өңсеріп шықты.

Ал, 2022 жылдың қаңтары... Ел жадында өшпес із қалдырған Қаңтар оқиғасы кезеңінде де ол жауапкершіліктен шет қалған жоқ. Қоғамның көңілі алаң, халықтың ойы сан - саққа кеткен

мемлекеттік қызметкерлер арасындағы футбол жарысында аудан командасын жүлделі орынға жеткізу – тек жеңіс емес, командалық рухтың көрінісі. Ал, аудандық марафондарда жыл сайын топ жарып жүруі – оның табандылығы мен ерік-жігерін айғақтайды. Спорт арқылы ол жастарға тек сөзбен емес, іспен үлгі көрсетіп келеді. Сөйтіп ауданымызда волейбол, футбол, баскетбол секілді спорт түрлері жастар мен ардагерлер арасында кеңінен дамып, бұқаралық сипат ала бастады.

2023 жылдан бастап оның қызметіндегі жаңа белес – ауыл-шаруашылығы саласы болды. Бұл – аудан экономикасының құрғатамыры. Осы бағытта қолға алынған жүйелі жұмыстар өз нәтижесін бере бастады. Ғазиз Отарбайұлының ауылшаруашылығы саласына жетекшілік етуі аудан экономикасының жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Тауар айналымының артуы, инвестиция көлемінің өсуі – соның дәлелі. Мал бордақылау алаңының

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау және сайлауды өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Ақсу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының Қапал ауылдық округі әкімінің сайлауы 2026 жылдың 7 маусымына тағайындалсын.
2. Ақсу ауданының Қапал ауылдық округі әкімінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары бекітілсін.
3. Осы қаулы Ақсу ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына және аудандық «Ақсу Өңірі» газетінде жариялансын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық сайлау комиссиясының хатшысы И. Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төраға  
Хатшы

С. ЖҰМАБЕКОВ  
И. ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының  
2026 жылғы 29 сәуірдегі №6 қаулысына қосымша

2026 жылғы 07 маусымға тағайындалған Жетісу облысы Ақсу ауданының Қапал ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Қапал ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
2026 жылғы 29 сәуір  
(113-1-б. 2-т.)
2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей,  
2026 жылғы 9 мамырдан кешіктірмей  
(22-б.)
3. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей,  
2026 жылғы 9 мамырдан кешіктірмей  
(13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей,  
2026 жылғы 19 мамырдан кешіктірмей  
(17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Аудан әкімі.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімнен,  
2026 жылғы 19 мамырдан кешіктірмей  
(23-б. 5-т.)
6. Әкім болуға кандидатты ұсыну  
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар.  
Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.  
2026 жылғы 30 сәуірінен басталады және 2026 жылғы 12 мамырдың жергілікті уақыт бойынша сағат 18-00-де аяқталады  
(113-3-б. 1-т., 5-т.)
7. Әкім болуға кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
(113-2-б.)
8. Әкім болуға кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Әкім болуға кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап  
(14-б. 8-1) т., 31-б)
9. Әкім болуға кандидаттарға, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күн ішінде  
(113-4-б.)
10. Әкім болуға кандидаттарды қолдау үшін жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы рәсімдеу  
Құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі органның қызметінің қызметкерлерін тарта отырып Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Тиісті сайлау комиссияларына өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған азаматтардан қол қою парақтарын тапсырғаннан кейін үш күн мерзімде.  
(113-4-б. 8-т.)
11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына әкім болуға кандидаттардың республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу.  
Әкім болуға кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін).  
Кандидатты тіркегенге дейін  
(113-5-б. 2-т.)

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы Қапал ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының Қапал ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі құрылсын:  
1) Қапал ауылдық округі әкімінің сайлауы – Қапал сайлау округі Қапал ауылдық округі шекараларында.  
2. Сайлау округнің тізімі және оның шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.  
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И. Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төрағасы  
Хатшы

С. ЖҰМАБЕКОВ  
И. ЖҰМАГЕЛДИЕВА

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2026 жылғы 1 сәуірге)

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы)  
кандидатты тіркегенге дейін  
(113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайының (зайыбының) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру  
Мемлекеттік кіріс органдары  
Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде  
(113-5-б. 3-т.)

14. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күніне жиырма күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат 18-00 де аяқталады  
2026 жылғы 30 сәуірде басталады және 2026 жылғы 17 мамырда жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады  
(113-5-б.)

15. Әкім болуға кандидатты тіркеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Кандидатты тіркегеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей  
(113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру  
Ақсу ауданының жергілікті атқарушы органдары және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
Үгіт басталғанға дейін  
(28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу  
Кандидатты тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.  
2026 жылдың 17 мамырда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін басталып және 2026 жылдың 6 маусымда жергілікті уақыт бойынша нөл - нөл сағатта аяқталады  
(27-б. 2-т.)

18. Әкім болуға кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу ауданының жергілікті атқарушы орган және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.  
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде  
(28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну  
Аудан әкімі.  
Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын,  
2026 жылғы 18 мамырға дейін  
(24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда,  
2026 жылғы 23 мамырдан бастап  
(26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей,  
2026 жылғы 28 мамырдан кешіктірмей  
(18-б. 5- т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Сайлауға үш күннен ерте емес және кемінде бір күн қалғанда,  
2026 жылғы 4 маусымнан ерте емес және 6 маусымнан кешіктірмей  
(37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда  
Егер дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, 2026 жылғы 7 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де  
(40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
2026 жылғы 7 маусымда жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін  
(38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті әкімдер сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады  
(18-б. 8 т., 43-б.)

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 29 сәуірдегі №6 қаулысына қосымша

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің ұйымында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық сайлау комиссиясына ұсыну  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын анықтау  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей  
2026 жылғы 10 маусымнан кешіктірмей (113-10 б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей.  
2026 жылғы 14 маусымнан кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру  
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде  
Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді өздерінен алып тастау туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін.  
2026 жылғы 14 маусымнан кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т, 2)т., 1-т. 113-11-б.)

**Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.**

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Ақсу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы  
Орналасқан жері: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5В, тел. 8(72832) 21902.  
Электрондық пошта tic\_alm\_aks@saylau.kz  
Комиссия төрағасы – Жұмабеков Сакен Сейпылғазыұлы;  
Комиссия төрағасының орынбасары – Баймади Олжас Тәңірбергенұлы;  
Комиссия хатшысы – Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы;  
Комиссия мүшелері: Шарипова Зейнегүл Исатайқызы, Оразғалиева Сая Адбиқызы, Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы, Карибаева Динара Саятқызы.

Аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты 09.00-18.30, үзіліс 13.00-14.30

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Сайлау комиссияларының жұмыс уақыты:  
сағат 9.00-18.30  
Түскі үзіліс уақыты – сағат 13.00-14.30

№ 31 учаскелік сайлау комиссиясы  
Орталығы: Қапал ауылы, Алыбаев көшесі №21, Мольқбай Байсақұлы атындағы Ақсу аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Қапал ауылдық мәдениет үйі.  
тел. 8 (72832) 31149.  
Комиссия төрағасы – Дутбаева Дана Тельжановна;  
Комиссия төрағасының орынбасары - Баянова Айсұлу Сансызбайқызы;  
Комиссия хатшысы – Баткалова Айнұр Жазайбекқызы;  
Комиссия мүшелері: Көбенбеков Нұрғали Биғалиұлы, Мұқашева Диана Нұрдаулетқызы, Жесекбаев Аблай Дүйсенбекұлы, Жақсыбекова Гүлзада Балтабайқызы

№ 32 учаскелік сайлау комиссиясы  
Орталығы: Қапал ауылы, Жібек жолы көшесі №15, «Жетісу облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қапал кәсіптік-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, тел. 8 (72832) 31275.  
Комиссия төрағасы – Жүнісова Рысалды Шамұратқызы;  
Комиссия төрағасының орынбасары – Мырзатаева Толқын Хасенқызы;  
Комиссия хатшысы - Күнболатова Күлән Құрманбекқызы;  
Комиссия мүшелері: Байдилядинова Сымбат Алпысбековна, Ашимова Әсел Рашидқызы, Мұхиев Сәбит Байытұлы, Иманкалина Сабина Есимбековна.

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№31 сайлау учаскесі.  
Орталығы: Қапал ауылы, Алыбаев көшесі №21, Мольқбай Байсақұлы атындағы Ақсу аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Қапал ауылдық мәдениет үйі.  
Шекарасы: Қапал ауылы, көшелері: Сейфуллин №1-ден 42-ге дейін, Орманов №1-ден 24-ке дейін, Әділбеков №1-ден 13-ке дейін, Жәлел №1-ден 12-ге дейін, Аққайың №1-ден 15-ке дейін, Достық №1-ден 19-ға дейін, Қабанбай батыр №1-ден 30-ға дейін, Ескелді би №1-ден 38-ге дейін, Мұқанов №1-ден 34-ке дейін, Аль-Фараби №1-ден 55-ке дейін, Маметова №1-ден 62-ге дейін, Абылайхан №1-ден 64-ке дейін, Иманов №1-ден 49-ға дейін, Алыбаев №1-ден 30-ға дейін, Төлебаев №1-ден 26-ға дейін, Тоқтаров №1-ден 16-ға дейін, Майлин №1-ден 8-ге дейін, Дулатов №1-ден 7-ге дейін, Жандосов №1-ден 25-ке дейін, Кудерин №2-ден 34-ке дейін, Ә. Молдағұлова №1-ден 50-ге дейін, Абай №1-ден 18-ге дейін, Ш. Уалиханов №1-ден 5-ке дейін, Ақын Сара №2-ден 54-ке дейін (жұп жағы).

№32 сайлау учаскесі.  
Орталығы: Қапал ауылы, Жібек жолы көшесі №15, "Жетісу облыстық білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Қапал кәсіптік-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.  
Шекарасы: Қапал ауылы, көшелері: Т. Бокин №1-ден 22-ге дейін, Т. Бигелдинов №1-ден 64-ке дейін, Момышұлы №1-ден 78-ге дейін, Сәтпаев №2-ден 34-ке дейін, Жұмабаев №1-ден 57-ге дейін, Жібек жолы №1-ден 51-ге дейін, Алдабергенов №1-ден 20-ға дейін, Әубәкіров №1-ден 15-ке дейін, Тәнеке батыр №1-ден 68-ге дейін, Жансүгіров №1-ден 14-ке дейін, Әуезов №1-ден 18-ге дейін, Алтынсарин №1-ден 12-ге дейін, Бейбітшілік №1-ден 29-ға дейін, Иманов №42-ден 64-ке дейін (жұп жағы) №49-дан 64-ке дейін (тақ жағы), Ақын Сара №1-ден 85-ке дейін (тақ жағы), №56-дан 78-ге дейін (жұп жағы).

## АҚСУ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ, ӘКІМ САЙЛАУЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАЙДЫ

(22 бап)

№	Ауылдық округтің атауы	Ауылдық округ шекаралары	Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері
1	Қапал ауылдық округі	Қапал ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимараты

### ● МАМАН КЕҢЕСІ

2026 жылдың 24 – 30 сәуір аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында «Вакциналар әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізіледі.

Вакцинация - медицина тарихындағы ең қуатты құралдардың бірі. Соңғы жарты ғасырда вакциналар 150 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалды. Бұл өздігінен болған жоқ, бұл - жақындарын қорғау үшін қабылданған миллиондаған адамдардың саналы шешімдерінің нәтижесі. Елестетіп көріңіз: 50 жыл бойы әр минут сайын 6 адамның өмірі сақталып келеді.

Бұл көрсеткіштердің артында жанқияр медициналық қызметкерлер, жауапты ата-аналар және тұтас қоғамдастықтар тұр. Бұл - қызылша, дифтерия, көкжөтел және полиомиелит сияқты ауруларсыз болуға таңдаған бірнеше ұрпақтың шешімінің нәтижесі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы иммундау мәселелеріне назар аудару үшін Еуропалық иммундау апталығын 2005 жылдан бастап жүргізуде. Бұл шара жыл сайын сәуір айының аяғында, тұрғындарды ақпараттандыру деңгейін жоғарылату және бұрынғы Еуропа аймағында иммундауды жандандыру мақсатында жүргізіледі.

Еуропалық иммундау апталығының негізгі міндеті – арнайы алдын алу шаралары арқылы әрбір адамның сырқаттанушылықтан қорғануға қажеттілігі және оған құқығы бары туралы түсінігін қалыптастыру.

Бүгінгі күнге жұқпалы аурулардың алдын алуда денсаулық сақтау саласының басты бағыты вакцинация болып табылады. Иммундау арқылы жұқпалы аурулардан қорғану ұзақ жылдардан белгілі. Тиімді және қауіпсіз вакцинаны қолдану нәтижесінде

## ЕУРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ 2026 ЖЫЛ

эпидемияға, өлім жағдайына алып келетін бірқатар ауыр жұқпалы аурулардың жойылуына қол жеткізілді, жұқпалы ауруларға қарсы ұжымдық иммунитет және тұрғындардың эпидемиялық салауаттылығы қалыптасты.

Соған қарамастан, бірнеше ұрпақтың еңбегімен қол жеткізілген бұл прогресс қауіп-қатерге ұшырауда. Жыл сайын шамамен Жетісу облысында 500 бала қажетті вакциналарды алмайды, оның ішінде 70% бірде-бір вакцина дозасын алмаған. Бүгінгі күні жалған және жаңылыстыратын ақпараттың таралуы да үлкен қауіпке айналып отыр. Бұл тек осы балаларға ғана емес, бүкіл әлемдегі өз денсаулығы мен отбасыларының денсаулығына қатысты дұрыс шешім қабылдауға ұмтылатын адамдарға қатысты.

Вакциналар туралы жалған ақпарат вакциналар алғаш пайда болғаннан бері болғанымен, ол кеңінен таралып, қоғамның сеніміне қауіп төндіруде. Зерттеулер көрсеткендей, тіпті жалған ақпаратпен бетпе-бет келу адамдардың вакцина қауіпсіздігіне күмән келтіруіне себеп болуы мүмкін. Бұл бұрын балаларына вакцинациялаған ата-аналарға да әсер етуі мүмкін.

Бірнеше жылдар бойы Жетісу облысында тұрғындардың екпемен жоғары қамтылуының нәтижесінде дифтерия, полиомиелит сырқаттанушылықтары тіркелген жоқ. Қызамық, жіті вирустық «В» гепатиті, эпидемиялық паротит сырқаттанушылықтары едәуір төмендеген.

Облыс бойынша барлық тіркелетін инфекциялық және паразиттік сырқаттанушылықтар арасында иммундаумен басқарылатын бес жұқпалы аурулардың (эпидемиялық паротит, көкжөтел, қызылша,

вирустық А, В гепатиттері) үлесі тек 1,5% құрайды.

Иммундау арқылы алдын алуға болатын жұқпалы аурулардың қауіпі толығымен жойылған жоқ. Өкінішке қарай, әлем бойынша жыл сайын жұқпалы ауруларға қарсы егілмеген миллионға жуық бала өлім жағдайына ұшырайды. Иммундау тұрғындардың денсаулығы үшін маңызды.

Дамып келе жатқан мемлекеттер балаларына вакцина алуға күресіп жатқанда, дамыған елдерде басқа мәселелер туындауда. Ересектер мен балалар арасында сырқаттанушылық көрсеткішінің төмен деңгейінен, ата - аналар балаларын ектіруден негізсіз бас тартуда. Бұл жалған сенімдер дифтерия, қызылша, көкжөтел, паротит секілді сырқаттанушылықтардың жоғарылауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұған 2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін орын алып жатқан қызылша, көкжөтелдің жағдайлары мысал бола алады. Жетісу облысында 2023 жылы қызылшаның 576; 2024 жылы 727; көкжөтелдің 177 жағдайы тіркелді. Ал 2026 жылы қызылшаның 87 жағдайы тіркелді. Оның ішінде қызылшамен ауырғандардың 80%, көкжөтелдің 92% вакцинацияланбаған балалар мен иммундық мәртебесі белгісіз адамдарға өтеді.

Бірақ көптеген ата-аналар екпелерді медициналық қызметкерлермен формальды түрде жасалады деп бағалайды, көбінесе сауықтыру сипатында қарамайды, оның салдары негізсіз екпеден бас тартуға әкеліп соқтырады. Барлық ата-аналар өз балаларының саламаттылығы мен денсаулығы үшін алаңдайды, осындай қағида вакцинопрофилактика үшін де са-

ламатты өмір салты ретінде негізгі болып қалыптасуы тиіс. Ата-аналардың өз балаларының денсаулығына белсенді көңіл бөлуі және медициналық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы вакцинопрофилактика үшін сенімді көз қарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакциналарға бөлінген шығындардың эпидемиологиялық тұрғыдан тиімділігі дәлелденген, яғни сырқаттанып емделгенге қажетті шығыннан шамамен 10-нан 1000 есеге дейін төмен.

Иммундау апталығы шеңберінде егілушіз қалып жатқан басқа республикалардан, аймақтардан келген, тіркесуші (оның ішінде саяжайларда), заңсыз тұрақтаған халық топтары, дін қауымдарының мүшелерін анықтап жұқпалы сырқаттанушылыққа қарсы жоспарлы иммундауға медициналық ұйымдарға есепке алу шаралары ұйымдастырылады. Тұрғындар арасында вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы, иммундауға сенімді көзқарасты қалыптастыру және Қазақстан Республикасының «Ұлттық күнтізбесіне» сәйкес жастарына байланысты егумен толық қамту жөнінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Балаңызды қазір ектіру арқылы, Сіз тек сырқаттанушылықтың пайда болуының алып қана қоймай, ауыр асқынулардан сақтап қаласыз, бұл өте маңызды. Сырқаттанбай тұрып, балаңызға қазір көмектесіңіз! Оның болашақ өмірін қауіпсіз етіңіз, өзіңізге дені сау ұрпақ қуанышын сילהіңіз! Иммундау апталығы – өз балаңызды және өзіңізді бүгін қорғаудың мүмкіндігі!

**Б.ТЕМІРХАНОВ,**  
аудандық санитариялық -  
эпидемиологиялық бақылау басқарма  
басшысы.

# Мерекелік бет!

## Бірлігіміз жарасқан!

АҚСУ АУДАНЫНДА ТҰРАТЫН ӨЗГЕ ҰЛТ  
ӨКІЛДЕРІНІҢ АЛҒЫС - ТІЛЕКТЕРІ!

### Алғысын көп халқыма

Жақсылығы жарқын, шуағы мол - бұл мерекенің әрбір қазақстандық үшін айырықша маңызы бар. Бұл - біздің ынтымағымызды, бірлігіміз бен берекелі тірлігімізді, тұрақтылығымызды паш ететін күн.

Халықтар достастығы мен ынтымақтастығын көздеген мамыр мерекесі халықтың тамаша дәстүріне, қазақстандық толеранттылықтың бейнесіне, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналды.

Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз даму үстінде. Бірлігі мен ынтымақтың ұйытқысына айналып, қаншама ұлттар мен ұлыстарға құтты мекен болған Ақсу жері жылдан - жылға көркейіп, гүлденіп, кемелденіп келеді. Мұнда біздің де үлесіміз бар деп мақтана айта аламыз.

Себебі аудан алыбы Ақсу қант зауытын жүргізу үшін қант қызылшасы алқабын кеңейтіп, аудан экономикасының дамуына бір кісідей үлесімізді қосып келеміз.

Барлық этномәдени бірлестіктерге өз дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне жағдай жасалуда. Сондықтан аудан халқына, аудан басшыларына алғысымызды білдіреміз. Түрлі халықтың тағдырын тоғыстырған, тұтастығын сақтаған Қазақстан жасай берсін! Ақсу ауданы өркендей берсін!

**Александр КВИТКО,**  
Қызылағаш ауылының тұрғыны,  
Украин ұлтының өкілі.

### Татулық мекені

Біздің елімізде қазіргі таңда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Тарих көшінің белгілі бір кезеңінде тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері киелі алтын бесікке айналды.

1 мамыр - Қазақстан халқының береке бірлік күні. Бұл күні сонау аумалы - төкпелі заманда пейілі кең, дархан қазақ даласына табан тіреген өзге ұлт өкілдері қазақ халқына, қазақстандықтарға өздерінің ыстық ықыласы мен алғысын білдіреді. Бұл мерекенің біз үшін маңызы зор. Сондықтан, ұлтым шешен болса да, менің Отаным, туған жерім - Қазақстан және мен Қазақстанды ешбір байлыққа айырбастамаймын.

Қазақ поэзиясының Құлагері атанған Илияс Жансүгіров дүниеге келген киелі Ақсу ауданы біз үшін құтты мекен.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда, оның ішінде Ақсу ауданында тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен.

**Александр ВОРАНЦОВ,**  
Жансүгіров ауылының тұрғыны,  
Орыс ұлтының өкілі.

### Бірлігіміз жарасқан

Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Еліміздің басты қорғаушы күші - қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді - сақтау қазақ елінің алдында тұрған басты міндет.

Ел бірлігі - ең асыл қасиет. Осы тұрғыда еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық тәрімізге озды», - деген болатын. Егемен еліміздің бағындырған барлық белестері, жеткен жетістіктері, шыққан шыңдары - осы бірлікпен келіп отыр.

Ұлтым басқа болса да мен Қазақстанның, оның ішінде осы Ақсу ауданының тумасы, перзентімін. Еліме алғысым шексіз!

**Пак Олег ВИКТОРОВИЧ,**  
Жансүгіров ауылының тұрғыны,  
Кәріс ұлтының өкілі.

### ҚҰРЫЛЫС

## Жетісуда тазы және төбет ит тұқымдарын өсіру орталығы салынып жатыр



Жетісу облысының Көксу ауданында жуырда тазы және төбет иттер өсіруге арналған ұлттық орталық пайда болады. Орталықтың құрылысы барысымен облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысып қайтты. Атап өтсек, қазақтың тазы және төбет ит тұқымдарын жаңғыртуға арналған бұл кешеннің Қазақстанда және ТМД елдерінде баламасы жоқ, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы орталықта салынған нысандарды аралап көрді. Мұнда 23 әкімшілік ғимарат орналасқан: жатақхана, гараж, жем дайындайтын ас үй, ветеринарлық клиника және иттерді ұстайтын ұй-жайлар бар. Сондай-ақ иттерге арналған жүгіру жолағы, ат қора және тазы мен төбеттерді аңшылыққа, салт атты адаммен еріп жүруге үйрететін жабық ма-неж қарастырылған.

Бүкіл кешен бүгінгі күнге іс жүзінде дайын, инженерлік желілер тартылған, қазір абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Құрылысты маусым айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Қазіргі таңда нысанда 100 адам жұмыс істеп жатыр, - деді мердігер ұйымның басшысы Рахмет Медет.

Белгілі болғандай, орталықта ит өсіру бағытында ауқымды жұмыс жүргізілмек. Мұнда Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанынан құрылған ғылыми орталық жұмыс істеп, алдын ала мәлімет бойынша 50 тазы, 50 төбет тұқымды ит ұсталады.

Атап өтсек, жобаны қаржыландыру «Астана-20» қорының демеушілік қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**  
Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



## АНА ТІЛ ТАҒДЫРЫМ!

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» - деп Ф. Мүсірепов айтпақшы, тілдің ұлт болашағы алдындағы киесі жоғары. Туған тілін қастерлеу, құрмет таныту әрбір адамның басты борышы. Тіл тәуелсіздігі ой тәуелсіздігінің, ел тәуелсіздігінің бастау бұлағы. Қазақ тілі - ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға жеткен асыл тіл. Сондықтан да қазақ тілі халқымыздың қайраткерлерінің марапатына, ұлы ақындары мен жыраушыларының жыр арқауына айналған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында бүгінгі күнгі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне баса назар аударды. Алдағы уақытта туған тіліміздің мәртебесі күшейіп, ұлтаралық қатынас құралына айналатынын жеткізді. Тілдің құдіретін сезіну,



тазалығын сақтау, құрметін еселеу елдегі әрбір адамның алдында тұрған парызы. Әр адамның азаматтық қасиеті - салт - дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүйумен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек.

**А.ТҮСТЕБАЕВА,**  
Көшкентал ауылдық  
кітапханасының  
кітапханашысы.

БАСПАСӨЗ -  
2026

## АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА  
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге  
және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"  
Меншік иесі - ЖШС  
"Ақсу өңірі" газеті  
Құрылтайшы, директор -  
бас редактор  
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ  
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан  
Республикасы  
Инвестициялар және  
Даму Министрлігі  
Байланыс,  
ақпараттандыру және  
ақпарат комитеті  
2015 жылғы 16 қараша  
айында есепке қойылды.  
Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар  
авторының пікірі редакция көзқарасы болып  
табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға  
қайтарылмайды.  
Жарнама, хабарландырулар, арнау,  
құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне  
жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,  
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ  
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Жетісу облысы, Ақсу  
ауданы, Жансүгіров ауылы,  
Желтоқсан көшесі, №5 "В",  
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488  
Осы шығарылымның  
таралымы 2536

Директор - бас редактор  
- 2-12-90,  
жауапты хатшы  
- 2-12-90.

Электрондық пошта:  
aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты  
aksuoniri.kz

Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.